



«Сюжет из жизни класс» атты үздік балалар бейнематериалдарының облыстық конкурсын өткізудің ережесі.

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже (әрі қарай – Конкурс) «Сюжет из жизни класса» атты үздік балалар бейнематериалдарының облыстық конкурсын өткізудің мақсатын, міндеттерін, конкурс материалдарына қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2. Конкурстың басты мақсаты: оқушылардың патриотизм сезімін тәрбиелеу.

1.3. Фестивальдің міндеттері:

- Бейнеролик, бейнесюжет пен бейнефильмдер жасау өнеріне қызығушылығын қалыптастыру;
- Бейнеге түсіру, компьютерлік технология мен журналистика саласында дарынды балаларды анықтау;
- Балалардың сценарийлік шеберлікке, режиссураға, компьютерлік графика мен дизайнерлік шығармашылыққа қызығушылығын дамыту;
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдары қандай нәтижелерге қол жеткізілген көрсету.

1.4. Конкурсты М.М. Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайының «Луч» шығармашылық бірлестігі өткізеді.

2. Уақыты мен орны

2.1. Конкурс **2016 жылғы 22 қыркүйек айында жарияланады**. Жұмыстарды тапсырудың соңғы мерзімі **2017 жылдың 10 сәуірі**.

2.2. Бейнематериалдарды мына мекенжайға жіберу қажет: «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы», 140000, Павлодар қ., 1 Май к-сі, 27 ; **339 және 356 кабинеттер сағ. 9.00 -18.00.**

2.3. Жұмыстарды сонымен бірге электрондық мекенжайға жіберуге болады: luch_studio@mail.ru

2.4. сіздерді қызықтыратын мәселе бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: 8 (7182) 65 12 69, 32 85 27, 8 705 611 29 62.

2.5. Қорытынды **2017 жылдың сәуірдің 20-27 күндері** шығарылады. Марапаттау рәсімі 2017 жылдың **сәуірдің 27 күні** Оқушылар сарайының кіші залында өткізіледі. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер алдын ала ескертіліп, марапаттау рәсіміне шақырылады.

3. Қатысушылар

3.1. Конкурсқа Павлодар облысының жалпы орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының **7-18 жас** аралығындағы оқушылары қатысады.

3.2. Делегация жетекшісі қатысушылардың өмірі мен денсаулығы үшін толық жауапты. несет полную ответственность за безопасность жизни и здоровья участников в пути следования к месту церемонии награждения, во время ее проведения и обратного пути к месту жительства.

4. Өткізу тәртібі

4.1. Конкурсқа кез келген сандық тасымалдаушыда түсірілген түрлі жанр және шығармашылық шешімдегі жұмыстар қабылданады

4.2. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- Бейнеролик;
- Бейнесюжет;
- Бейнефильм.

4.3. Конкурстық жұмыстар келесідей өлшемдер бойынша бағаланады: өзектілігі, өзгешелігі, мазмұндылығы, көрсетілім жайлылығы және қабылдау жеңілдігі.

5. Конкурстық жұмыстардың мазмұнына қойылатын талаптар:

5.1. Мазмұны фильмнің тақырыбын ашуы тиіс.

5.2. Бейнематериалдың ұзақтығы қатаң белгіленген хронометражға сәйкес болуы тиіс :

- ✓ Бейнеролик – 30 секундтан 2 минутқа дейін;
- ✓ Бейнесюжет – 1 мин. 30 секундтан 5 минутқа дейін;
- ✓ Бейнефильм – 10 минуттан 35 минутқа дейін.

Осы өлшемдерге сәйкес келмеген фильмдер конкурсқа қатыспайды.

5.3. Бір автор әр номинация бойынша үш жұмысқа дейін жібере алады.

6. Конкурстық жұмыстардың мазмұнына қойылатын талаптар:

6.1. Әрбір фильм DVD дискісінде, флеш-тасымаушыда жазылуы, немесе конкурс ұйымдастырушыларының электрондық мекенжайына luch_studio@mail.ru жіберілуі мүмкін. Бейненің форматы: avi, mpg, mp4, wmv, flv, mkv, vob, mov.

6.2. Жұмыспен бірге word форматында белгіленген үлгідегі қатысушының өтініші, жұмыстың сипаты мен автор туралы деректер мен байланыс телефоны міндетті түрде болуы тиіс. Өтініштің үлгісі осы құжаттың қосымшасында қоса берілді.

6.3. Егер материал DVD жіберілсе, онда дискіде міндетті түрде титрлар болуы тиіс (конкурстың аты, номинация, жұмыстың атауы, автордың аты, қала, білім беру ұйымы, жасаған күні, хронометраж).

6.4. Конкурсқа жіберілген барлық фильмдер конкурс фильмотекасының мұрағатында сақталады, кері қайтарылмайды.

6.5. Бейнелеу немесе дыбысында ақауы бар материалдар конкурсқа қатыспайды.

6.6. Фильм басканың авторлық құқығын бұзбауға тиіс.

6.7. Фильм ұлттық, нәсілдік, діндік элементтерден аулақ болуы және зорлыққа, қатыгездікке шақырмауы, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуі, азаматтардың құқығы мен абыройына нұсқан келтірмеуі тиіс.

6.8. Конкурсқа арналған фильмді іріктеу бойынша шешімді ұйымдастырушы комитет қабылдайды.

6.9. Жұмысты іріктеудің басты өлшемі – тақырыпқа және конкурс номинацияларының форматына сәйкестігі.

6.10. Жұмыста бейне, фото, интервью, блиц-сұрақ, заставка және титр, фрагменттерді пайдалануға болады, сонымен бірге музыка, кадр сыртындағы дауыс, бейнефильмнен фрагменттер қоюға да рұқсат беріледі. Ол кезде титрда немесе жұмыс сипатында фильмде кімнің материалы пайдаланғаны туралы көрсету қажет.

6.11. Ұйымдастырушылар конкурсқа жіберілген жұмысты авторын көрсетіп баспада немесе интернет-баспасөзде жариялауға құқылы.

7. Қорытындылау

7.1. 2017 жылғы 27 сәуір айында сағ. 15.00 –де Оқушылар сарайында (кіші залда) «Сюжет из жизни класса» атты облыстық конкурсының қорытындысы шығарылады.

7.2. Ұйымдастырушы комитет қалыптастырған қазылар алқасы әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

7.3. Жеңісқаздар I, II, III дәрежелі диплом және естелік сыйлықтармен марапатталады.

7.4. Конкурс қатысушыларының барлығына сертификат табысталады.

8. Қаржыландыру

8.1. Жұмыстарды конкурсқа жіберу, шеберлік сабақтар және марапаттауға қатысуға байланысты шығындар жіберуші жақ есебінен қамтамасыз етіледі.

8.2. Шеберлік сабақтарды өткізуді, жеңімпаздарды марапаттау рәсімінің шығындарын М.М Катаев атындағы Павлодар облыстық Оқушылар сарайы іске асырады.

Ережеге қосымша

«Сюжет из жизни класса» атты үздік балалалар бейнематериалдарының облыстық конкурсына қатысуға өтініш

Аудан, қала _____

№	Қатысушының тегі, аты	Фильмнің атауы	Номинация	сыныбы жасы	мектебі (толық атауы)	Байланыс телефоны
1.						
2.						
3.						
4.						